Паскаль-программалау тілі

9-сынып

Мақсаты

Білімділік: *Паскаль-программалу тілі, және оның негізгі элементтері туралы айту, түсіндіру. Паскаль программасында жұмыс жасай білуге үйрету.*

Дамытушылық: *Тез ойлап, ұтымды жауап қайыра білуге, жүйелі, еркін сөйлеу дағдыларын дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру.*

Тәрбиелік. *Оқушыларды компьютермен жұмыс жасата отырып, қауіпсіздік ережесін сақтауға,ұқыптылыққа,еңбексүйгіштікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.*

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап

Сабақтың көрнекілігі: Компьютер және оның құрылғылары, интерактивті тақта, тірек-сызбалар.

Пән аралық байланыс: Физика, математика, ағылшын.

Сабақтың барысы:

І.Ұйымдастыру кезеңі: *1.Сәлемдесу, түгелдеу.*

2. Оқушылардың құрал-жабдығын тексеру.

3.Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II. Оқушы білімін жан-жақты тексеру

Алгоритмен программаның қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?

Алгоритм-берілген есептің шығару жолын реттелген амалдар тізбегі түріне келтіру. Программа-командалар тізбегі

Сызықтық алгоритм дегеніміз не?

Әрекеттердің тізбектей орындалуын сипайттынтын алгоритм

Құрама командалар құрылымдары?

Сызықтық, тармақталу, циклдік

Компьютерде есеп шығару кезеңдері?

А) берілген есепті математикалық түрде өрнектеу;

Ә) есеп шығарудың компьютерге ыңғайлы сандық тәсілін анықтау;

Б) есеп шығару жолын алгоритм түрінде кескіндеу;

В) есепті компьютерде шығару программасын құру және оның қатесін түзету.

Г) есепке керекті мәліметтер мен берілгендерін жинақтау.

Д) компьютерде есеп шығару және шыққан нәтижені іс жүзінде қолдану.

III. Жаңа түсінік беру

Паскаль тілін 1968-1971 жылдары швейцариялық ғалым Никлаус Вирт қолайлы программалау тілі ретінде ұсынған болатын.
Бұл тілдің стандарты кейінірек бекітілді, ол сол кездерде кең таралған
АЛГОЛ, ФОРТРАН, БЕЙСИК тілдеріне қарағанда жетілдірілген, жұмыс істеуге ыңғайлы тіл болды.
Паскаль тілінде жазылған программаның дұрыстығын компьютерде тексеру және жіберілген қатені түзету оңай.
Қазіргі кезде Паскаль тілі кез келген күрделі есептерді шығара алатын,
кең таралған стандартты оқу тіліне айналды.

Паскаль тіліндегі программа 3 бөліктен тұрады:

тақырып

Сипаттау бөлімі

Операторлар бөлімі

Кез келген программаның алғашқы жолы

PROGRAM ***сөзінен басталатын оның тақырыбынан тұрады.***

Одан кейін программаның ішкі объектілерінің ***Сипаттау бөлімі*** ***жазылады.***



Программаның соңғы және негізгі бөлімі

операторлар ***бөлімі болып табылады..***

Орындалатын іс-әрекеттер, командалар, осы бөлімде орналасады. Ол ***begin*** ***түйінді сөзінен басталып*** ***end*** ***сөзімен аяқталады.***

PROGRAM BASTAU:
СИПАТТАУ БӨЛІМІ
begin
ОПЕРАТОРЛАР БӨЛІМІ
end

Паскаль тіліндегі программа құрылымы

Операторлар бөлімінде орындалатын негізгі әрекеттер:

Деректер **– сан мәндері мен мәтін түріндегі сөз тіркестерін мән ретінде қабылдай алатын тұрақтылар (константалар), айнымалылар, т.б. Осы тәрізді құрылымдар, немесе солардың адрестері.**

Дерек енгізу – бастапқы деректерді пернетақтадан, дискіден немесе енгізу-шығару порттарынан енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Операциялар немесе амалдар – берілген және есептелген мәндерді меншіктеу, соларды өңдеу, салыстыру амалдарын орындайды.

Нәтиже алу (шығару) – аралық немесе қорытынды мәліметтерді экранға, дискіге немесе енгізу-шығару порттарына жазу.

Цикл- белгілі бір шарттар орындалған (кейде орындалмаған) жағдайда көрсетілген командалар жиыны бірнеше рет қайталанып атқарылады. Қайталау саны бүтін санмен беріледі.

IY. Жаңа сабақты бекітуге арналған жаттығулар (есептер, саламандық жұмыстар, зертханалық жұмыстар, тесттік бақылаулар)

"Ойлан, тап"

Паскаль тілін 1968-1971 жылдары швейцариялық ғалым .... қолайлы программалау тілі ретінде ұ ын.

Никлаус Вирт

Паскаль тіліндегі программа 3 бөліктен тұрады: ....., ...

Тақырып,

Сипаттау бөлімі

Операторлар бөлімі

Кез келген программаның алғашқы жолы ..... сөзінен басталатын оның тақырыбынан тұрады. Одан кейін программаның ішкі объектілері жазылады

PROGRAM

Сипаттау бөлімі

"Кім жылдам?"

Деректер

Нәтиже алу

Бастапқы деректерді пернетақтадан, дискіден немесе енгізу-шығару порттарынан енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Цикл

Дерек енгізу

Операциялар немесе амалдар

Деректер

Берілген және есептелген мәндерді меншіктеу, соларды өңдеу, салыстыру амалдарын орындайды.

Нәтиже алу

Цикл

V. Оқушылар еңбегін бағалау

VI. Үй тапсырмасы.

Паскаль - программалау тілі. Паскаль тіліндегі программа құрылымын жазып келу.

Назар парыңызға рахмет!